**2006 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалған, ішкі топтардың 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша құн балансы 2005 жылы амортизацияның қосарлы нормасы қолданылған тіркелген активтер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 110-бабы 1-тармағында айқындалған топтардың құн балансын бөлу Ережелерін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2006 жылғы 3 ақпандағы N 46 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 13 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 4089.Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 9 қаңтардағы N 5 бұйрығымен.

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.01.09 N 5 бұйрығымен.*

*-------------------- Бұйрықтан үзінді -------------------*

*Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :*

*1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.*

*2. . . .*

*3. . . .*

*4. Осы бұйрық 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.*

*Министр Б.Жәмішев*

*Қазақстан Республикасы*
*Қаржы Министрдің*
*2009 жылғы 9 қаңтардағы*
*№ 5 бұйрығына қосымша*

*Күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

*1. . . . .*

*19. "2006 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалған, ішкі топтардың 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша құн балансы 2005 жылы амортизацияның қосарлы нормасы қолданылған тіркелген активтер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 110-бабы 1-тармағында айқындалған*

*топтардың құн балансын бөлу Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 3 ақпандағы № 46 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4089 болып тіркелді, "Заң газеті" газетінде 2006 жылғы 2 наурыздағы № 37).*

*.........*

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 108-бабы 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген 2006 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалған, ішкі топтардың 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша құн балансы 2005 жылы амортизацияның қосарлы нормасы қолданылған тіркелген активтер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 110-бабы 1-тармағында айқындалған топтардың құн балансын бөлу Ережелерін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Әдістеме басқармасы (Ж.С. Есмағанбетова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2006 жылғы 3 ақпандағы
N 46 бұйрығымен бекітілген

**2006 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалған, ішкі топтардың 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша құн балансы 2005 жылы амортизацияның қосарлы нормасы қолданылған тіркелген активтер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 110-бабы 1-тармағында айқындалған топтардың құн балансын бөлу Ережелері**

1. Осы Ережелер 2006 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалған, ішкі топтардың 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша құн балансы 2005 жылы амортизацияның қосарлы нормасы қолданылған тіркелген активтер ескеріле отырып, Салық кодексінің 110-бабы 1-тармағында айқындалған топтардың құн балансын

бөлу тәртібін айқындайды және Салық кодексінің 121-бабы 1 және 2-тармақтарына сәйкес келетін ұйымдарды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда корпорациялық табыс салығын төлеушілер, сондай-ақ Салық кодексінің 120-бабы 1-тармағының шарттарына сәйкес келетін кірістері жоқ, жалпы белгіленген тәртіпте салық салуға жататын төлеушілерге таралады.

2. 2006 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалған, ішкі топтардың 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша құн балансы 2005 жылы амортизацияның қосарлы нормасы қолданылған тіркелген активтер ескеріле отырып, Салық кодексінің 110-бабы 1-тармағында айқындалған топтардың құн балансатары, " Негізгі қорлардың жіктеушісі" Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2005 жылғы 24 мамырдағы N 150 бұйрығымен бекітілген "Негізгі қорлардың жіктеушісі" Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісіне (бұдан әрі - Негізгі қорлардың жіктеушісі) сәйкес мынадай тәртіпте:

| Салық кодексінің 110-бабы 1-тармағына сәйкес топтардың N | Тіркелген активтердің атауы | Негізгі қорларды және материалды емес активтерді Негізгі қорлардың жіктеушісінің кіші бөлімдері деңгейінде топтау | 2006 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған салық заңнамасына сәйкес айқындалған, 2006 жылғы 1 қаңтары жағдайы бойынша топтардың (шағын топтардың) N |
|---|---|---|---|
| I | Үйлер, құрылыстар (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) | 120.000000, 130.000000 (131.000000, 132.411000, 132.412000 топтарды қоспағанда) | I, II (II (1) топтарды қоспағанда) |
| II | Мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдықтарын қоспағанда, машиналар және жабдық | 140.000000 (142.300200 класын қоспағанда және мұнай өндіруде пайдаланатын машиналар мен құралдар) | IV, V (V (4) топтарды қоспағанда), VI, VII (VII (5) топтарды қоспағанда), IX (5), IX (6) |
| III | Кеңсе машиналары мен компьютерлер | 140.000000 кіші бөлімінің 142.300200 класы | VIII |
| IV | Басқа топтарға қосылмаған | | II (1), III, V (4), VII (5), IX |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тіркелген активтер | I, II, III топтар-ға енгізілмеген тіркелген активтер | ((IX (1), IX (5), IX (6) топтарды қоспағанда)) |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК